



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Қызмет саудасы



Көп жағдайларда халықаралық бизнес транзакциялары тауарларды сатумен шектеледі. Қазіргі кездегі даму жағдайларға байланысты қызметтер саудасы қарқынды дамып келеді. Қызметтер саудасының бірінші түрі – қаржылық қызметтер. Қаржылық қызметтерді инвестициялық қорлардың қаржыландырумен шатастыруға болмайды. Қаржылық қызметтерге брокерлік қызметтер жатады. Брокерлік қызмет қаржылық қызметтердің халықаралық бизнес транзакцияларындағы негізгі түрі. Екінші – логистикалық қызметтер, яғни транспорттық компаниялардың тасымалдау сияқты қатынастарға түсуі. Халықаралық компаниялар логистикалық компаниялар арқылы өз тауарларын тасымалдайды. Үшінші түрі – ІТ қызметтері немесе ақпараттық-технологиялық коммуникациялық қызметі. Мұндай жағдайда ІТ қызметтерін көрсетудің ерекшелігі ғаламтор арқылы басқа елді мекенде орналасып, қызмет көрсетсе болады. Келесі қызмет – консалтингтік немесе кеңес беру қызметі. Кеңес беруші қызметкерлер басқа мемлекетке барып, сол жерде қызмет көрсетуіне тура келеді. Кеңес беру қызметтерінің кейбірі ғана ғаламтор арқылы жүргізіледі.

Білім беру қызметі кезінде негізгі субъект студент. Студент басқа мемлекетке барып оқыған кезде, сол мемлекет өзінің білім беру қызметін экспорттайды дегенді білдіреді. Қазіргі кезде онлайн білім беру жүйесі дамып келеді, яғни шетелге шықпай-ақ, ғаламтор арқылы диплом алуға болады. Іскерлік немесе бизнестік қызметтер көбінесе қызмет көрсету орталықтары колл-центрлер арқылы қызмет беруі мүмкін. Мысалы, АҚШ халықаралық бизнес субъектілерінің қызмет көрсету офистері Үндістанда орналасқан. Үндістанда қызметкерлердің еңбегі арзан болғандықтан, қызмет көрсету орталықтары сол елде орналасқан. Ойын-сауық қызметтері: фильмдер көру, өзге мемлекеттерге турист ретінде бару, мейрамханалардың қызметін пайдалану және т.б. Көптеген дамушы мемлекеттер ойын-сауық қызметтерін экспорттау арқылы халықаралық бизнес транзакцияларына қатысып отыр. Мысалы, Түркияның 2017 жылғы мәліметі бойынша турризмнен 26,3 млрд \$ көлемінде пайда көрген.

Еңбекпен қамтамасыз ету секторы бойынша АҚШ-та 75% қызметкерлер жұмысқа осы қызмет арқылы орналасып отыр. Ойын-сауық, білім беру, емдеу шараларын жасайтын мекемелерде қызметкерлердің 75% қызмет атқарады. 2014 жылғы мәліметтер бойынша дүйниежүзі бойынша 4,5 трлн \$ құрайды. Көбінесе, халықаралық бизнес транзакцияларындағы халықаралық қызметтер еңбек шарты және қызмет көрсету келісімі арқылы жүргізіледі. Сонымен қатар, сауда өкілдерін жалдау, коммерциялық өкілдік келісімшарттары арқылы да жүргізіледі. Осындай халықаралық бизнес транзакцияларының барлығы халықаралық құқыққа сүйеніп жүргізіледі. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының мәліметі бойынша мүше елдердегі бизнестің 60–70%-ы осындай қызметтермен толықтырылып отыр. АҚШ нарығында жылына 10–15%-ы кіріс осы қызметтерден түседі. АҚШ-та қызметтер саудасы арқылы XIX–XX ғ. басында тауар саудасы жақсы дамыса, қазіргі кезде қызметтер саудасы арқылы халықаралық нарықта ірі субъектілердің біріне айналып отыр.

Қызмет көрсету секторы көбінесе ұлттық, мемлекеттік дәрежеде жүргізіледі. Көптеген мемлекеттерде қызмет көрсету саласына өз мемлекеттеріндегі жергілікті саланы қорғау үшін көптеген тарифтік және тарифтік емес кедергілер қояды. Солардың бірі – шетелден келетін мамандардың біліктілігіне шек қою немесе олардың дипломдарын тексеру, нострификациядан өткізу деген сияқты шектеулер. Ал кейбір мемлекеттер қызметтердің кейбір секторларына шектеулер қояды. Мысалы, банктік қызметтер, білім беру қызметтері, қауіпсіздік қызметтеріне шет мемлекеттер компанияларының араласуын қаламайды. Қызметтер саудасы туралы келісім бойынша қызметтік сауда мәселелері реттеліп отырады.

Қызметтік сауда жөніндегі бас келісімде қызметтер саудасын жүргізу барысында мемлекеттерге ең басты екі қағиданы сақтау талап етіледі. Біріншісі – өзге мемлекеттерге қызметтік сауда қатынастарын жасау кезінде тұрақты ережелер мен қажетті стандарттарды ашық және ресми түрде алдын ала белгілеп қою керек, яғни шетел компаниясы өзге мемлекетпен сауда қатынастарына түскен кезде сол мемлекеттің заңында немесе келісімде көрсетілген талаптарды орындауы тиіс. Екінші қағида – ырықтандыру қағидасы. Бұл қағида бойынша қызметтер саудасын дамыту үшін мемлекеттер тарифтік немесе тарифтік емес кедергілерді азайтуы тиіс. Кедергілерге тоқталайық, білім саласында дипломды мойындау бойынша, біліктілігіне күмәнданып, оның қайта оқуына, сертификат алуына талап қояды. Келесі мәселе – стандарттар мен талаптарды орындау.



Қызмет көрсету саудасы бойынша сол мемлекеттің нормативтік актілеріне қоса, халықаралық актілер де мемлекеттер арасындағы сауда қатынастарын реттеп отырады. Оның ішінде қызметтер саудасы жөніндегі негізгі келісім. Тауарлар саудасы бойынша бірінші келісім 1947 жылы қабылданған, ал қызметтер саудасы жөніндегі негізгі келісім 1992 жылы қабылданған.

Қазақстан Республикасы ДСҰ мүшесі болып тіркелгеннен кейін 6 жыл ішінде жер қойнауын пайдалануға байланысты конкурс өткізген кезде, 75% қызметкерлерін Қазақстан азаматтары ішінен алатын компанияларға конкурсқа қатысқаны үшін 20% жеңілдік берілетін еді. Жер қойнауын пайдалану құқығы бойынша қызметтерді импорттаған кезде қызметкерлердің 50%-ы Қазақстан азаматы болуы тиіс. ҚР банк секторына немесе сақтандыру секторына шетел компанияларын араластырған кезде оларға шектеулер қойылады. Мысалы, банк секторындағы шетелдік компания Қазақстанда осы салаға араласқысы келсе, шетелдік компанияның бас кеңсесіндегі активінің ең аз деген мөлшері 20 млн \$ құрау керек. Ал сақтандыру қызметі бойынша шетелдік компанияның активі кем дегенде 5 млрд \$ болуы керек.

Елімізде телекоммуникация саласында бұрыңғыдай шетелдік компанияларға 49% шектеулер қою қазіргі кезде алынып тасталған. Егер телекоммуникациялық қызмет елді мекендер арасында, халықаралық жағдайда осы қызметті жүзеге асыратын болса, онда 49%-дан асып кетуі мүмкін.

Қазіргі кезде ғаламтор арқылы қызметтер көрсету қарқынды дамып келеді. Бұл қызметтер жеңіл, қолайлы және арзан болып келгенімен, оны нормативтік-құқықтық актілер арқылы реттеу қиынға соғып отыр. Бірақ Еуропалық одақта қашықтықтан келісім жасау директивасы бар. Осы директива бойынша ЕО-ға мүше-мемлекеттер өз арасында немесе үшінші мемлекеттің бизнес субъектілерімен жасасқан келісімдерін қашықтықтан жүргізуге және ғаламтор арқылы реттеуге болады.